



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№14 (1399)
29 сәуір
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры

Ынтымағымыз арта берсін!

Құрметті әріптестер мен студенттер!
Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – қазақтың кең байтақ даласын мекен еткен ұлттар мен ұлыстардың ынтымағын одан әрі нығайтып, арман-тілегін бір арнаға тоғыстыратын мереке.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді қазақ халқы. Халықаралық қауымдастыққа «қазақстандық үлгі» ретінде белгілі еліміздегі ұлтаралық татулық пен ынтымақтастықтың арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, биыл 1 мамыр мерекесінің маңызы бұрынғыдан да арта түспек. Бұл ел бірлігінің айқын көрінісі.

Елбасы саясатындағы ынтымақ, түсіністік, бейбітшілік, тұрақтылық ұстанымдарының дамуына өз кезегінде Қазақстан жоғары оқу орындарының әшбасшысы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ да үлес қосып, ғылым-білімнің инновациялық құндылықтарын дамытуға күш салып отыр. Бұл жуырда ғана қабылданған «Корпоративті мәдениет кодексі», «ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі» құжаттарының басты ерекшелігі болып табылады.

Қазірде қасиетті қара шаңырақта отандық және шетелдік студенттер сапалы білім алып, бірлігі жарасқан ортада мамандану үстінде. Сондықтан, Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің ҚазҰУ үшін алатын орны зор.

Баршаларыңызға шынайы көңілмен бақыт-береке тілеймін. Мемлекетіміз молшылыққа, әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін. Ынтымағымыз арта берсін!

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі – бейбіт өмір мен ынтымақты ырыстың, ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға кәттер мейрамы. Тәуелсіздік алғаннан бері мереке жаңа әрі терең мазмұнға толды. Қазақстан халқының бірлігі күні біздің берік достығымыз бен тұтастығымыздың, адал ниетіміз бен мақсат-мүддеміздің бірлігінің символына айналды.

Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. “Тату елге тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады” дейді дана халық.

18 сәуірде Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII Сессиясының жұмысын аша отырып сөйлеген сөзінде, сессия алғаш рет 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында өтіп

отырғанын, мамыр айы «Бірлік» ұранымен өтетінін қадап айтты.

«Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз. Біздің жа-

сампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс. Сондықтан, біз тамырын тереңге тартып, тәуелсіздікпен бірге мәуесін жайған тарихи танымды ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет. Ел бірлігін еселейтін бұл құндылықтар отаншылдық сезімін орнықтырады. Сонда тәуелсіздігіміз мәңгі, ұлысымыз ырысты болады. Бұл ретте тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы біз үшін мерейлі меже ғана емес, болашаққа бағдар болатын байыпты белес”, - деп атап өтті Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан

халқы Ассамблеясының XVII сессиясында. Бұл пікір 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесінде өзінің шарықтау шегіне жететіні шын. Бұл күн – достық пен түсіністіктің мерекесі. Биыл 1 мамыр жаңа форматта алғаш рет атап өтілетін болады. Мұндай тапсырманы Президент өткен жылы, Тәуелсіздік күнін мерекелеу кезінде берген еді. Қазақстан бойынша жұртшылықтың мерекелік шерулері, патриоттық акция өткізіледі. 1 мамыр – Көктем мерекесі елдегі барлық этносты бір-бірімен етене жақындастыра түсуі керек. Бұл – ортақ үйіміз – туған Қазақстан құрылғалы бергі 20 жыл ішіндегі басты мерекелердің бірі.

Ел ұстанымындағы төзімділік пен сабырлықтың, бейбітшілік пен ынтымақтың асып-тасар күні. Ел тәуелсіздігінің баяндылығын мығым ете түсер бір қайнар. Бұл тұста әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бірлік пен береке орнаған жеруық мекен десек артық айтқандық емес. Бүгінде университетте ұжымдық рух асқақтап, корпоративтік мәдениет дамып отыр. Елбасы жүктеген әлеуметтік жаңғыру қадамдары қара шаңырақта жүзеге асып, Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтуға ұйытқы болуда. Университетте білім алып жатқан отандық және шетелдік студенттер өзара татулықта, түсінік пен танымда мамандануда. Университеттің халықаралық әріптестік байланысы күшейіп, әлем алдында танылуы артуда. Халықтар достастығын дамытып, ел бірлігін арттыруда ҚазҰУ ұжымы өз күшін аянып қалмақ емес. Киелі білім ордасы ҚазҰУ-дағы ұжымдық рух – ел мерейінің мығым етудегі басты кепілі.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

ИННОВАЦИЯ

РУХ

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ

29 апреля завершилась работа Республиканского семинара «Академическая мобильность: механизмы реализации и перспективы развития».

На пленарном заседании приняли участие вице-министр образования и науки МОН РК Мурат Орунханов, представители АО «Центра международных программ «Болашақ», Чрезвычайный и Полномочный посол Великобритании в Казахстане и Киргизской Республике Дэвид Моран, Атташе по техническому и научному сотрудничеству Посольства Франции в Республике Казахстан Гийом Жироде, профессор университета имени Адама Мицкевича Хенрык Янковски.

Ректора вузов собрались для подведения итогов семинара и принятия рекомендаций, которые должны стать основой дальнейшего развития академической мобильности.

В работе семинара приняли активное участие ректора, проректора и представите-



ли более 65 казахстанских вузов (7 национальных вузов, 28 государственных) из всех регионов нашей республики.

Очень важным моментом семинара было подписание Договоров о взаимном сотрудничестве в сфере оказания образовательных услуг высших учебных заведений

Республики Казахстан. Это станет началом подписания договоров с другими вузами, нашего сотрудничества между вузами в сфере образования, обмена студентами и профессорско-преподавательским составом.

(Продолжение на 2-стр)

«Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетіне – бір ғасыр

22 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен тұңғыш ұлттық мерзімді басылымдар «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің жарыққа шығуының 100 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

«Айқап» қоғамдық-саяси және әдеби журналы тұңғыш рет қазақ тілінде 1911 жылы Троицкі қаласында басылып шықты. Басылым редакторы ұлтымыздың көрнекті де, талантты көсемсөзшісі Мұхамеджан Сералин. Жур-

нал бетінде С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Жолдыбаев, С.Көбеев, Б.Қаратаев сияқты танымал қоғам қайраткерлері мен жазушылардың шығармалары жарияланды.

(Жалғасы 3-бетте)

Открытие информационно-ресурсного центра Клуба Британских выпускников

ИДЕЯ
28 апреля, 2011 г. состоялось торжественное открытие информационно-ресурсного центра Клуба Британских выпускников. В открытии принимали участие Посол Великобритании в Республике Казахстан Дэвид Моран, Представитель Британского совета Дилара Вудворд, Ректор КазНУ Галимжаир Мутанов, Председатель Клуба Алибек Умиржанов, Президент SIFE КазНУ Рауан Курмангалиев, ректора и проректора казахстанских вузов, иностранные гости из дальнего и ближнего зарубежья.



Клуб Британских выпускников Казахстана является некоммерческой организацией, созданной при поддержке Посольства Великобритании и Британского Совета. На данный момент клуб насчитывает около 800 членов клуба и так же сотрудничает с Ассоциацией выпускников программы «Болашақ», Европейской Ассоциацией Предпринимателей.

Миссия Клуба – объединить выпускников Британских университетов, живущих и работающих в Казахстане, для укрепления взаимоотношений между

Казахстаном и Великобританией путем взаимного общения и кооперации между членами Клуба, а также другими организациями в сфере бизнеса, образования, культуры и т.д. Клуб так же стремится внести свой посильный вклад в экономическое, интеллектуальное, социальное и культурное развитие Казахстана путем применения на практике опыта и знаний членов Клуба.

Клуб будет осуществлять деятельность по следующим направлениям: проведение лекций и семинаров на английском языке; проведение тренингов, мастер классов, презентаций, нацеленных на развитие дополнительных профессиональных компетенций студентов; выполнение научно-исследовательских программ, международных проектов, грантов; организация конференций, встреч, форумов и круглых столов; оказание содействия в повышении академической мобильности студентов и преподавателей.

Марат КАПАТАЕВ

УНИВЕРСИТЕТ РЕЙТИНГІСІН АРТТЫРУ БАСТЫ МІНДЕТ

РЕКТОРАТ
25 сәуірде өткен Ректорат мәжілісінде ОПК мен қызметкерлерді бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу басты назарға алынды. ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерді бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу туралы кеңінен тоқталып, баяндама барысында ОПК рейтингісіне қарай еңбек жалақысына белгілі пайызда қаржы қосуды ұсынды.



Бірінші проректордың баяндауына, 0-300 аралығында балл жинаған оқытушы-профессор жалақысына – 16,2 %, 301-400 ұпайға – 24,3 %, 401-500 балға – 32,4, 501-600 балға – 40,5, ал 601-ден жоғары – 48,6 пайыздық мөлшерде жалақысына үстем ақы қосылмақ. Университет басшылығы бұл көрсеткіштердің ұстаз белсенділігін арттырып, ұжымдық мәдениетті арттыру түсетіндігіне үміт арты. Сондай-ақ, оқытушы-профессорлар рейтингісінің артуына қолдау болып, ол өз кезегінде ҚазҰУ беделін асқақтатмақ.

Ректоратта сонымен қатар журналистика факультетіндегі Баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының моделі туралы ақпарат тыңдалды. Кафедра меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы заманауи бағытта даму үлгісін ұсынып, инновациялық жобаны айтты. Жобаның негізі Баспа ісі және дизайн (кластерлік) ғылыми-өндірістік департаментін құруға негізделген. Баспа ісі және дизайн (кластерлік) ғылыми-өндірістік департаменті –

бір-бірімен тығыз байланысты «баспа ісі» және «дизайн», «полиграфия» мамандықтары бойынша оқыту, зерттеу жұмыстарын тікелей өндіріспен байланыстыра нәтижеге жету мақсатында құрылмақ. Ал, Кластерлік ғылыми-өндірістік департаменті - бағытас, тектес ғылыми-зерттеу және білім беру салаларын шоғырландырып, бір орталықтан басқару мекемесі болмақ. Мұндай жобалар дәстүрлі университеттен ұлттық зерттеу университетіне айналу жолында инновациялық дамуға жол ашпақ. Алда бір кафедраның ұсынған жобасы негізінде университеттегі

басқа да кафедралардың заманауи құрылымы қарастырылмақ.

Бұдан кейін Ректорат Қаулыларының орындалуы мен университет қызметкерлерінің шетелдік іс-сапарлары туралы есептері тыңдалды.

Сондай-ақ «Қазіргі заманғы университеттегі студенттік өзін-өзі басқару: тәжірибесі, инновация және болашағы» атты халықаралық студенттік форумда белсенділік танытқан студенттер ректордың алғыс хатымен марапатталды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

22 сәуірде механика-математика факультетінде студенттер мен жас ғалымдардың «Ғылым әлемі» атты халықаралық конференциясы тәмамдалды. Оған Қазақстан, ТМД елдері, АҚШ, Германия, Түркия, Үндістан, Жапониядан 2700-ден астам студент қатысты.

Жиында ғылымның түрлі саласы бойынша теориялық, тәжірибелік және қолданбалы сипаттағы баяндамалар оқылды. Сондай-ақ бағдарлама аясында ашық есік күндері, интеллектуалды ойындар, PR агенттіктерінің тұсаукесерлері, белгілі ғалымдар мен саясаткерлердің басқосуы, алқасөз жиыны, ғылыми пікірталастар, шеберлік дәрістері, көрме, шешендік өнер сайыстары өтті.

«Жастар арасында дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатқан конференция жас талантты ғалымдарды жаңалық ашуға үндейтін бірден бір іс. Жастардың бұл игі бастамасын қолдай отырып, отандық ғылым саласын дамытуға бар үлесімізді қосуымыз керек», - деді конференцияның жабылу салтанатында ҚазҰУ-дың Ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Тілекқабил Рамазанов. Конференцияда 44 жеңімпаз іріктелінді. Жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі диплом мен ақшалай сыйлық берілді.

22 сәуірде корейтану кафедрасында Ханьянг университетімен бірігіп корей тобы студенттері арасында шешендік өнерден байқау өтті. Комиссия төрағасы болып Ханьянг университеті халықаралық ынтымақтасу Департаментінің бас менеджері Ча сун Кель мен ассистенті Хю Джин келді.

Байқау мәресіне 13 студент қатысты. Қатысушылар бар өнерлерін көрсетуге тырысты. Студенттер отбасы, достық, бақыт және т.б. тақырыпта баяндады. Бірінші орынды иеленген «аударма ісі» мамандығының 2-курс студенті Иванова Ксенияға Кореяда тілдік тәжірибе жинақтауға баратын сертификат табыс етілді. Екінші орынды «шет тілдер» филологиясы мамандығының 2-курс студенті Жібек Бичуинова, үшінші орынды аударма ісі мамандығының 2-курс студенті Ажан Хасеинова жеңіп алды.

26 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркияның Эрзинджан университетінің делегациясы іс-сапармен келді. Эрзинджан университеті 7 басты факультеттен құралған. Оның ішіне заң факультеті, педагогикалық, экономика және менеджмент, дінтану, медицина факультеттері кіреді.

Сондай-ақ университет 3 колледжден, 11 арнайы колледж және 10-нан астам ғылыми-зерттеу орталықтан тұрады.

Кездесуде екіжақты ынтымақтасулықтың басым бағыттары талқыланды. ҚазҰУ осы уақытқа дейін Анкара, Мимар-Сина, Ақденіз университеттерімен тығыз байланыста. Шығыстану факультетінің магистранттары осы аталған университеттерде тәжірибеден өтеді.

Академическая мобильность

(Начало на 1 стр.)

Проректор по учебной работе Гульнар Балакаева сообщила об итоге работы круглого стола «Академическая мобильность как приоритетное направление вхождения в мировое образовательное пространство», а Директор Департамента высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки Республики Казахстан Серик Омирбаев озвучил итоги работы круглого стола «Современное состояние межвузовской академической мобильности в Республике Казахстан».

Участники круглого стола отметили, что необходимость развития академической мобильности, обе-

спечивающей интенсивное взаимодействие вузов в рамках образовательного процесса, диктуется характером современного общественно-го развития.

Дальнейшее совершенствование высшего образования, процесс интеграции науки и образовательной деятельности тесно связаны с развитием академической мобильности.

Рассматривая в качестве главной задачи определение основных направлений академической мобильности, отвечающих требованиям мирового образовательного пространства, участники Республиканского семинара приняли рекомендации.

Сектор карьеры

Семинар по изучению иностранного языка

В рамках культурного проекта «Триединство языков» инициированной президентом Н.А. Назарбаевым, прошел международный научно-практический семинар, посвященный 20-летию годовщине независимости РК.

Семинар проводится С.Т. Тер-Минасовой. Светлана Григорьевна Тер-Минасова – декан, основатель факультета иностранных языков и регионоведения МГУ имени Л.В. Ломоносова, доктор филологических наук, заслуженный профессор МГУ, ведущая кафедрой теории преподавания иностранных языков, Председатель научно-методического совета по иностранному языку при Мини-

стерстве образования и науки РФ, Президент Национального объединения преподавателей английского языка России, Президент Национального общества прикладной лингвистики, лауреат Ломоносовской премии за педагогическую деятельность и лауреат премии 50-летия Фулбрайта, почетный доктор филологии (honoris causa) Бирмингемского университета, Великобритания, почетный доктор университета штата Нью-Йорк, почетный профессор Российско-Армянского (Славянского) Университета. Автор более чем 160 книг и статей по вопросам преподавания иностранных языков и межкультурной коммуникации.

Более 100 преподавателей из разных регионов Казахстана, Семей, Костаная, Тараза,

и университетов г. Алматы принимали активное участие в семинаре. Семинар проводился по самым обширным и актуальным темам: Традиции и инновации в преподавании иностранных языков в современном мире, Культура и образование, Война и мир языков и культур, Глобальный английский: глобальные проблемы. Отсутствие научно-выверенной единой системности методик и качественных учебников, предназначенных для обучения, являются основными причинами неэффективности преподавания иностранным языкам. Комплексным решением обозначенных проблем для повышения эффективности преподавания иностранных языков является проведение международных семинаров с пригла-

шением ведущих зарубежных профессоров. Профессиональный подход должен опираться на использование передового опыта, признанных мировых стандартов и лучшей международной отечественной практики в области IT-технологий.

Результатом семинара должно стать продвижение и дальнейшее развитие и развитие научно-инновационной деятельности в области не только прикладной, но и компьютерной лингвистики, т.е. разработки электронных учебных пособий и словарей, текстовых заданий, систем сервисов и перспектив дальнейшего сотрудничества с ведущими учеными мира.

Жибек БИМАГАМБЕТОВА

ПРОЕКТ



«Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетіне – бір ғасыр

(Басы 1-бетте)

«Қазақстан» газеті қазақ және орыс тілдерінде 1911-1913 жылдар аралығында Орда қаласында шығып тұрды. Басылым редакторы қызметін Елеусін Бұйраұлы атқарды. Газет казак қоғамының ілгері басуына ерекше ықпал етіп, жалпы демократиялық және ағартушылық бағытқа жол ашты. Үш жыл ішінде оның 18 саны ғана жарық көрді.

Алғашқы қазақ басылымдарының ұлттық журналистика тарихындағы салмағын, маңыздылығын, үлесін жан-жақты қарастырған басқосуға университет ұжымы және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, ғалымдар, дебиетшілер, тарихшылар және зиялы қауым өкілдері мен студенттер қатысты.

Зерттеуші-ғалымдар қос басылымды жалпыұлттық демократиялық баспасөз көшбасшылары деп атады. Бұл басылымдар ХХ ғасыр басындағы ұлт өмірінің, қазақ қоғамының айнасы болды. Ұлттық журналистиканың дамуы осы басылымдардан бастау алады дейді конференция қатысушылары.

Басылым беттерінде көтерілген мәселелер бүгінде күн тәртібінен түспей, сол кездегі тақырыптар бүгінде маңыздылығын жоймағандығын тілге тиек еткен ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Айқапта» жарияланған М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» мақаласы халықтың көзін ашқан, бұқаралық ойға сәуле сепкен туынды. «Айқап» журналы қазақ халқының көзінің қарашығы атанса, «Қазақстан» газеті ел жанарының ағы бола білгені ақиқат. Қазақ баспасөзінің демократиялық құндылықтарын ұстану жолында халқының құлағын әлде қашан ашқан «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарындағы дәстүрлер жалғастығына үлгі болары сөзсіз», - деп атап өтсе, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев: «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті қазақ тағдыры мен тарихында қалдырған ізінің маңызын аңғару үшін екі мәселені терең түсінуіміз қажет. Олар – ұлтшылық пен ағартушылық. Осы екі мәселені жетік түсінбей қазақ тарихын тану қиын. Осы ретте қазақ зиялыларымыздың бұл басылымдарды жарыққа шығаруы – ағартушылық жұмыстардың жеңілдеп, елдің санасын оятып, ұлт азаттық идеологияның қалыптасуына үлкен үлес қосқанын ерекше атап өтеміз. Бұл қос басылым аз ғұмырда халықты, ұлт-азаттық көтеріліске

тұрғыза білді десек, артық айтқандық емес», - деп түйінделді.

«Айқап» патшалық дәуір қалдықтарынан құтылуды айтса, «Қазақстан» ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жана белестерге жетеледі. Баспасөз, көсемсөз және ел тарихында ойып орын алған басылымдардың бір ғасырлығы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына тұспа-тұс келуі – ғылыми жиын қатысушылардың пайымдауынша, қазақ елінің рухани өміріндегі, бұқаралық ақпарат құралдарының тарихындағы елеулі оқиға.

«Тұңғыш ұлттық мерзімді басылымдарымыздың 100 жылдық

да алатын орны, «Айқап» журналы және «Қазақстан» газетінде жарияланған мақалаларды заман талабына сай ғылыми сараптау, «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті – ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихының дерек көзі, ұлттық журналистика тарихи мұраларын Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен сабақтастық байланыста қарастыру, басылымның көрнекті публицистері және олардың қазақ журналистикасын қалыптастыруға қосқан үлестері, «Айқап» журналы оқу-ағарту, патша үкіметінің отарлау саясаты туралы, «Қазақстан» газетіндегі саясат, экономика, мәдениет және әдебиет



мерейтойы Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығына сәйкес келді. Демек, «Айқаптың» тойы, «Қазақстанның» тойы оның шығарушылары мен оқырмандарының арман-тілектері мен мақсат-мүдделерінің іске асуы тойы деп түсінгеніміз абзал. Кезінде ұлттың рухани ұйытқысы және ақпараттық-танымдық міндет атқарған басылымдар бүгінде тарихымызда баға жетпес тарих көздеріне айналып отыр. Себебі оларда сол кездегі қоғам өмірі, ұлт тарихы жан-жақты көрініс тапқан. Қара түнек патшалық кезеңде үміт сәулесіндей болып бірінен соң – бірі жарық көрген «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті өз кезеңінде ұлттық сананың оянуына өлшеусіз үлес қосты. Сондықтан да олар еш ұмытылуға тиісті емес», - дейді ҚазҰУ-дың тарих факультеті деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі Қамбар Атабаев.

Қазақ баспасөзі ізашарларының үлес-салмағын бағалаған конференция одан кейін журналистика, филология және тарих факультеттерінде қазақ баспасөзі мәселелерін көтерген дөңгелек үстелмен жалғасты. Ғылыми-тәжірибелік конференция барысында алғашқы қазақ басылымдарының ұлттық журналистика тарихын-

мәселелері және қазақ баспасөзі: дәстүр жалғастығы мен жанашыл бағыттар сияқты өзекті тақырыптар ғалымдар талқысына түсті.

Қазақ баспасөзінің көшбасшылары көтерген көкейкесті сауалдардың бүгінде қоғам өмірінде өзінің он шешімін тауып жатқандығы да сөз болды. «Айқап» арқылы қазақ неге өкпелі екендігін, өкпенің қайтсе назы тарқайтындығын үндеген Ахметтің ұлт көзін ашып, көкірегін оятқан Дулаттың зиялылығы, отан сүйгіштігі, ағартушылығы бүгінде ел бірлігінің басты кепілі болса, бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарында қазақы мәдениеттің ежелден бастау алғандығы, қазақ ұлтының кемелгерлігі насихаттала бермек.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тұспа-тұс келген тұңғыш ұлттық мерзімді қос басылымның ғасырлық мерейтойы тіл мамандарының, сөз ұсталарының қазақ жастарының рухын бір сілкіндіріп, болашаққа зор жауапкершілікті сезіндірді.

«Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп Ахмет айтқандай, бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде тек жетістігіміз, жасампаздығымыз бен асулы белестеріміз жариялана берсін деген тілек айтты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Жастардың өзін-өзі басқаруы – үлкен жауапкершілік

ФОРУМ

22 сәуірде Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Қазіргі заманғы университеттегі студенттік өзін-өзі басқару: тәжірибесі, инновация және болашағы» атты халықаралық студенттік форум өтті.

Форумның пленарлық мәжілісіне Еуропа, ТМД және отандық ЖОО студенттік ұйымдарының көшбасшылары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысып, оқу орындарындағы бүгінгі күнгі Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының тәжірибесімен бөлісті.



«Өзін-өзі басқару – үлкен жауапкершілік. Студенттер өзін-өзі басқара отырып, өздеріне үлкен міндет алады. Және сол міндеттерді мұндай ұйымдар арқылы өздері шешеді. Әр елдегі жастар өзін-өзі басқаруды жүйелі атқарса, қоғамда шешімін таппаған мәселелер де болмайды», - деп атап өтті өз сөзінде ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов.

Студенттік ұйымдар мен жастардың халықаралық достастығының тең төрағасы, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Студенттік одағының төрағасы Андрей Андрянов Ресейдегі студенттік өзін-өзі басқару дамуының негізгі бағыттарымен бөлісіп, бүгінгі форум қазақстандық оқу ордалармен тәжірибе алмасуға үлкен үлес қосады деген ойын білдірді. Сондай-ақ Жапониядағы Васеда университеті студенттер кәсіп-одағының төрағасы Атсуши Сайто, Ф.М.Достоевский атындағы ОмМУ студенттер кеңесінің төрайымы Алена Чудина, Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы басқару академиясының Жастар ісі комитетінің төрағасы Жалын Женалиев, Қазақстан студенттері Альянсы республикалық ұйымының көшбасшысы Шыңғыс Бескемпіров және тағы басқа қатысушылар студенттік өзін-өзі басқаруды дамытудың мәселелері мен келешегі туралы пікір алмасты.

«Тұңғыш рет әлем елдері

жастарының басын қосып өзекті мәселеге арналып отырған форум алда бұл салалар бойынша биік жетістіктер мен жана бастамалар жасауға түрткі болмақ», - дейді Ягеллон университеті «Vratniak» студенттер мен аспиранттар Қорының Президенті Гжегож Муранский.

Форум жастарды өркениетке бағыттап, Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» атты ұлттық жобасының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың киелі қабырғасында көрініс табуына үлес қосты.

Ал халықаралық форумның өтуіне бастама болған ҚазҰУ студенттері бұл жиынның берер тәжірибесі мол екендігін айтады. «Асыл – таспан, ақыл – жастан» дейді дана халқымыз. Қара шанырақтың бастамасымен өткен «Қазіргі заманғы университеттегі өзін-өзі басқару: тәжірибесі, инновация және болашағы» атты халықаралық студенттік форум жастарды тәрбиелей отырып, олардың интеллектуалды инновацияға бет алуына септігін тигізді. «Бір елдің болашағына болжам жасау үшін оның жастарына қарау керек» деп Азияның ғұлама ойшылы Ф.Гулен айтып кеткен екен. Шынында да, бүгінде ректордың қолдауымен, университет активтерінің бастамасымен өткен осындай бастамаға жауапкершілікпен жұмыс атқарып, елдің ертеңі үшін аянбай еңбек ету – біз үшін үлкен абырой. Осындай өресі биік бастаманың болашағы баянды болсын!», - дейді Сұңқар» Студенттер кәсіподағының төрайымы Әлия Қарақожаева.

Форум секциялар мен дөңгелек үстел жұмыстарымен жалғасып, ертеңінде форумның қорытынды пленарлық мәжілісі өтті. Әр елден жиналған студент жастар тақырып бойынша қарар қабылдады. Одан кейін ҚазҰУ қалашығындағы нысандармен танысып, Алматының көрікті жерлерін аралады.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



ТҰСАУКЕСЕР

Студенттік баспасөз орталығы ашылды

22 сәуірде әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университетінде Студенттік баспасөз орталығының тұсауы кесілді.

Қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған орталықта сонымен қатар ҚазҰУ баспасөз клубы бар.

Мұнда журналистика факультетінің студенттері, университетте оқып жатқан басқа да білімгерлер бас қосып, ҚазҰУ-дың жаналықтарынан, қызыққа толы студенттік кезеңінен, тыныс-тіршілігінен хабардар ету мүмкіндігіне ие.

Білім ордасында білім алып отырған жастар Баспасөз орталығында журналистік қырын дамытып, кәсіби шеберлігін арттыра алады. Журналистика факультетінде маманданып жатқан студенттер теориялық білімін осы орталық арқылы тәжірибеге енгізеді. Сондай-ақ республикалық БАҚ өкілдері келіп жастарға шеберлік сыныптарын өткізіп, арнайы дәрістер оқуға жағдай жасалынған.

Бұл орталықта дайындалған радио хабар, телесюжеттер ҚазҰУ телерадио кешені арқылы әр оқу ғимараты мен жатақханаларда орнатылған телемониторлар және интернет радио арқылы таратылса, жазылған мақалалар ҚазҰУ-дың «Қазак университеті» апталық газетінде жарияланып тұрмақ.

Тұсауы кесілген Студенттік баспасөз орталығы болашақ журналистер шығармашылығын дамытып, кәсіби шындай түспек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

СПОРТ

ҚазҰУ студенттері муай тай жүлдегерлері

15-20 сәуір аралығында Иран мемлекетінде муай тайдан (тай боксі) Азияның ашық Чемпионаты өтті. Чемпионатқа әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университетінің студенттері қатысып жүздемен оралды.

Қазақстан Республикасының спорт шебері, заң факультетінің 2-курс студенті Серік Құлмаханов 2-ші орын, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті Жансерік Әміржанов 3-ші орын иеленді.

Дене шынықтыру және спорт кафедрасы, университеттің спорт клубы және ҚазҰУ ұжымы муай тайдан (тай боксі) өткен Азияның ашық Чемпионатының жүлдегерлерін құттықтайды.

Өз тілшімізден



«Студенттік көктем - 2011» - нағыз таланттарды анықтады

БАЙҚАУ

22 сәуірде Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Студенттік көктем-2011» көркемөнерпаздар байқауының марапаттау рәсімі мен Гала-концерті өтті. Бұл байқау әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университеті өнерлі студент жастардан кенде еместігін дәлелдей түсті. ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің ұйымдастыруымен университет факультеттері мен колледж студенттері арасында өткен көркемөнерпаздар байқауы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналды. Ректор Ғалымқайыр Мұтанұлы жеңімпаздарды құттықтап, арнайы жүлдемен марапаттады.

Бір жарым ай бойы кара шаңырақтың өнерпаздары өз таланттарын шындап, қабілеттерін танытты. Нәтижесінде ақтық сынға сегіз жүзге жуық өнерлі студент қатысып, олардың тоқсан үш жиырма екі номинация бойынша жеңімпаз атанды.

Ал марапаттау рәсіміне байқауда жүзден жүйрік танылып, барлық номинациялар бойынша бірінші орындарды жеңіп алған үздік жеңімпаздар келді.

«Студенттік көктем - 2011» көркемөнерпаздар байқауының «Жеке дауыстағы эстрадалық ән» номинациясы бойынша 1-ші орынды иеленгені үшін ҚазҰУ колледжінің студенті Малика Есмұханбетова, «Жеке дауыстағы дәстүрлі ән» номинациясы бойынша 1-ші орынды филология факультетінің студенті Қайнар Базилжан, «Жеке дауыстағы эстрадалық ән» номинациясы бойынша 1-орынды иеленгені үшін халықаралық қатынастар факультетінің студенті Лаура Өтеуова, «Үздік дуэт» номинациясы бойынша 1-ші орынды филология факультеттерінің студенті Ертай Сұлтан мен Жанна Верещак, «Заманауи би» номинациясы бойынша 1-ші орынды физика факультетінің «Самуан» би тобы, «Ұжымдық би» номинациясы бойынша 1-ші орынды



филология факультетінің «Кербез» би тобы, «Үздік домбырашы» номинациясы бойынша 1-ші орынды география факультетінің студенті Әлібек Мұхамеджанов, «Үздік ерекше өнер» номинациясы бойынша 1-ші орынды химия факультетінің студенті Қайрат Бұрханбеков, «Үздік қобызшы» номинациясы бойынша 1-орынды колледж студенті Кәмилә Жарқынбекова, «Фортпианода ойнау» номинациясы бойынша бірінші орынды дайындық факультетінің студенті Сюй Чэн Гуаньсюн, «Баянда ойнау» номинациясы бойынша 1-орынды колледж студенті Артур Шавалеев, «Саксофонда ойнау» номинациясы бойынша 1-ші орынды колледж студенті Әл-Фараби Сарлыбасов, «Үздік скрипкашы» номинациясы бойынша 1-орынды филология факультетінің студенті Жанетта Шанпилова, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Жас ақын» номинациясы бойынша 1-ші орынды экономика және бизнес жоғары мектебінің студенті Есетжан Бірманов, «Гитарада ойнау» номинациясы бойынша 1-орынды заң факультетінің студенті Әлібек Мұхамеджанов, «Авторлық үздік шығарма» номинациясы бойынша 1-ші орынды биология факультетінің студенті Дана Әйтимова жеңіп алды. Ал «ҚазҰУ-дың алтын дауысы» атағы классикалық дауыста ерекше өнер көрсеткен заң факультетінің студенті Мөлдір Бахытжанқызына бұйырса, «Үздік жүргізуші қыз» номинациясы бойынша жүлделі 1-орынды жеңіп алғаны үшін филоло-

логия факультетінің студенті Әшірәлі Әйгерім, «Үздік жүргізуші жігіт» номинациясы бойынша жүлделі 1-орынды жеңіп алғаны үшін философия және саясаттану факультетінің студенті Қайырхан Қалдыбайұлы марапатталды. Ал «Үздік трио», «Үздік квартет», «Халықтық би», «Классикалық би», «Үздік ансамбль» номинациялары бойынша жүлделі 1-орынды ҚазҰУ колледжінің студенттері жеңіп алды.

Одан кейінгі кезекте байқау шартына сәйкес барлық номинациялар бойынша жоғары көрсеткіш көрсетіп, жүлделі орындарға ие болған факультеттер марапатталды. Нәтижесінде 3-ші орынды халықаралық қатынастар факультеті жеңіп алды. Жеңімпазға ҚазҰУ ректорының дипломы

және акустикалы жүйе, вокалдык тоқсыз микрофон бағалы сыйлықтары табысталды. Сондай-ақ жоғарғы ұпай санын жинақтап, жан-жақты өнер көрсете білгені үшін жүлделі 2-орын экономика және бизнес жоғары мектебіне берілді. Факультет жеңімпаздарына микшерлі пульт, вокалдык тоқсыз микрофон жүйесі, мини-дискті дек сыйлықа беріледі. Дәл осындай жүлделі 2-ші орынды биология факультеті жеңіп алды. Олар да микшерлі пульт, вокалдык тоқсыз микрофон жүйесі, мини-дискі дек сыйлығына ие болды. Ал жүлделі 1-ші орын көрерменнің көңілінен шығып, сахнада шеберлік таныта білген филология факультетіне беріледі. Факультет жеңімпаздарына акустикалық жүйе, микшерлі пульт, мини-дискі дек сыйлыққа берілді. Байқаудың бас жүлдесі, үздік болып танылған әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университеті колледжіне беріледі. Байқау жеңімпаздарына толық жабдықталған музыкалық аппаратура сыйға ұсынылды.

Салтанатты марапаттау рәсімінен кейін жеңімпаздардың өнеріне кезек беріліп, концерттік шараға ұласты. Сондай-ақ «Студенттік көктем - 2011» көркемөнерпаздар байқауында ерекше өнер көрсетіп, көпшіліктің көңілінен шығып, үздік деп танылған студенттеріміз КТК телеарнасындағы «Мәссаған» тележобасына жолдама ұтып алды.

Саягүл КАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Казак ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Еңлік АҚЖІГІТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10289

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазак университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.